

Педагогикалық кеңес №1

Уақыты	29 тамыз, 2024 жыл
Тақырыбы	«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру».
Өтілу түрі	Аналитикалық жоспарлау.
Күн тәртібі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Педагогикалық кеңес құрамын бекіту, хатшы сайлау. (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (Әдіскер-Қаюпова А.Е.) 3. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламсын бөбекжайда қолдану (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 5. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту (Әдіскер-Қаюпова А.Е.) 6. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 7. Аттесталған педагог қызметкерлердің біліктілік санатын алуына байланысты. 8. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Педагогикалық кеңестің құрамы және жоспары бекітілсін.

№1 педагогикалық кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Күні: 29 тамыз 2024 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Менгеруші	
2.	Каюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Қонысбаева Қулай Алмуратовна	Музыка жетекші	
4.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
5.	Макарова Сара Сагитжановна	Тәрбиеші	
6.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
7.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	

№1 хаттама
педагогикалық кеңес

29 тамыз 2024 жыл

Педкеңес төрағасы: Нугманова З.Б.- менгеруші

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог Сартаева А.А.-хатшы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы, тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Мақсаты: МЖМБС талаптарына сай тәрбиеленушілерге толыққанды білім мен тәрбие беру.

Жүргізілу түрі: Аналитикалық жоспарлау

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. (Менгеруші-З.Б.Нугманова)
 2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (Әдіскер –Қаюпова А.Е.)
 3. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну (Менгеруші-З.Б.Нугманова)
 4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бөбекжайда қолдану (Менгеруші-З.Б.Нугманова.)
 5. Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту (Әдіскер – Қаюпова А.Е.)
 6. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру (Менгеруші-З.Б.Нугманова)
 7. Аттестатталған педагог қызметкерлердің біліктілік санатын алуына байланысты
 8. Ағымдағы мәселелер:
 - Оқу жұмыс жоспары
 - вариативтік бағдарламалар, шығармашылық жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту.
 - Өзіндік білім көтеру тақырыптары;
 - Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;
 - Педагогтарды марапаттау және мадақтау;
 - Топ балалар тізімдері;
 - Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді таныстыру
- Әдістемелік кеңес құрамын бекіту;

І ТЫҢДАЛДЫ: Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай менгеруші Нугманова З.Б. педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылы шығармашыл, табысты болсын деп, педагогикалық кеңес төрағасына менгеруші- Нугманова З.Б., құрамы тәрбиеші-педагогтар, хатшы педагог-психолог Сартаева А.А. сайлауды ұсынды.

Қаулы етті: Педагогикалық кеңес құрамы мен хатшысы бірауыздан мақұлданып сайлансын.

II ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстарды қорытындылау (сауықтыру жұмысының сараптамасы).

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Каюпова А.Е. жаз мезгілінде балабақшаның сауықтыру іс-шаралары жоспар бойынша медбике Қажығали Арайлым Сапарқызының жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізіліп, әдіскер тарапынан басшылыққа алынды. Тәрбиешілер таңертеңгі қабылдауды учаскелерде ұйымдастырып, музыка жетекшісі таңғы жаттығуды есік алдында жүргізді. Айына бір рет медбике ата-аналарға жаз мезгілінде болатын жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берді. Тәрбиешілер әр аптаның бесінші күні балалармен апталық тақырыпты қорытындылау есебінде тақырыпқа сай ойын-сауықтар өткізді. Барлық өткізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды,-деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгеруші Нугманова З.Б. жылдық жоспармен таныстырып, ондағы алдағы атқарылатын шаралармен қысқаша таныстырып өтті.

Жылдық жоспардың мақсаты балаларды табиғатқа жауапкершілікпен және қамқорлықпен қарауға баулу, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, казак тілін меңгеруге ынталандыру, балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата аналарға көмек көрсету арқылы оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту.

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

Өткен жылғы жұмысты талдау.

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады. Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады деп, денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейі талданады (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар; педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз

етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады: тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар: әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелер болып табылады. Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттері айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады, - деп жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шараларға тоқталып өтті.

Қаулы етті: Бөбекжайдың жылдық жоспары бекітілсін.

IV ТЫҢДАЛДЫ:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бөбекжайда қолдану

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгеруші Нугманова З.Б. сөз алды. Мектептегі және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңарту бойынша Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы №194 бұйрығы бекітілді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

енбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жанашылдық құндылықтарға негізделген.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

ұлттық мүддені ілгерілету;

тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;

қоғамға қызмет ету;

этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;

инновациялық ойлау;

идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану

Құндылықтарды қалыптастырудағы күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

КҮНДЕЛІКТІ:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі». АПТА САЙЫН: «Менің Қазақстаным», Аптаның дәйексөздері, «Қауіпсіздік сабағы», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жобалары ұсынылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бөбекжайға енгізу арқылы балалардың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру, ата-аналарды әр түрлі жобалар арқылы бөбекжай жұмысына тартуды жыл бойы жалғастыру керек, - делі.

Қаулы етті: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бөбекжай жұмысында қолдануды басшылыққа алу.

V ТЫҢДАЛДЫ: Тілдер туралы Заңының орындалысы және Тілдер мерекесін атап өту

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай менгеруші Нугманова З.Б. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның тіл саясатын айқындады: «Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға сәтті интеграциялану тілі». Осының бәріне сүйене отырып, қазіргі уақытта жалпы Қазақстан Республикасында да, мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда да тіл саясаты бойынша көптеген жұмыстар жүргізілуде. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау, тілдердің қолданылуы мен дамуының Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бөбекжайдағы іс қағаздары, соның ішінде

бұйрықтар кітаптары, педагогикалық кеңестердің хаттамалары мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. «Тіл туралы» Заңға сәйкес бөбекжайдағы барлық көрнекіліктер дизайны жасалған. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді насихаттау барлық педагогтардың басты мақсаты болып табылады және бөбекжайдың барлық мерекелік жұмыстары жүйелі жүзеге асырылады. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекеттік олимпиадалар, интеллектуалды ойындар ерекше орын алады. 2023-2024 оқу жылында бөбекжай тәрбиеленушілері олимпиадаларға, күндізгі және сырттай олимпиадаларға, мемлекеттік тілдегі зияткерлік ойындарға белсенді қатысты. Бөбекжайдың педагогикалық ұжымы жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуға белсенді қатысады. Педагогтар газетке, журналға орыс тілінде де, мемлекеттік тілде де жазылады. Әр апта сайын, дүйсенбіде, жалпы саптанатты түрде Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталатын жалпы бөбекжай жұмысының саптары өткізіледі. іс-шаралар да Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталады. Бөбекжайдағы барлық іс-шаралар мен мерекелер екі мемлекеттік тілде өтеді. Жалпы, «Тілдер туралы Заңды» жүзеге асыру жұмыстары бөбекжай әкімшілігінің тұрақты бақылауында және ол орындалуда.

VI ТЫҢДАЛДЫ: 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай менеджері Нугманова З.Б. әдістемелік нұсқау хат 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда. Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (сілтемелер);
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы тиіс, - делінген. 2024-2025 оқу жылының негізгі ерекшеліктері жаңа оқу жылында Қазақстан

Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне 1 (бұдан әрі – Тұжырымдама), білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде (бұдан әрі – МДТО) жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

- ✓ жаңартылған Қағидаларға² сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама;
- ✓ МДҰ мен жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен гимназияларда мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
- ✓ балалармен, ата-аналармен және айналасындағылармен қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау, зорлық-зомбылықтың, буллингтің және балалардың құқықтарын бұзудың кез келген түрін болдырмау;
- ✓ Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің жаңартылған қағидаларына сәйкес МДҰ-ға кезектілік пен жолдама беруді есепке алудың Бірыңғай базасы арқылы мемлекеттік қызметтерді іске асыру;
- ✓ отбасы мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін білім беру ұйымдарында консультациялық пункттердің қызметін кеңейту;
- ✓ «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- ✓ бастауыш сынып мұғалімі жеке оқыту траекториясын анықтау үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, мектепалды даярлық бағдарламаларын меңгеру қорытындысы бойынша мектепалды жастағы баланың Жеке даму картасын қалыптастыру;
- ✓ өмірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, экологиялық білім беру сапасы мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру;
- ✓ ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;
- ✓ педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өткізу арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету бойынша «Тілге бойлау» пилоттық жобасын іске асыру;
- ✓ МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», әлеуметтік институтын дамыту;
- ✓ МДҰ қызметінің басым бағытын айқындау, Даму бағдарламасын әзірлеу;
- ✓ МДҰ-ның сапаны бағалау өлшемшарттарына сәйкестігін 50% – ға дейін ұлғайту (2023 ж. - 25%);
- ✓ жаңа жүйе бойынша МДҰ педагогтерін аттестаттаудан өткізу;
- ✓ тәрбиеленушілердің білім алудағы жетістіктері негізінде педагогтің қызметін бағалау;

- ✓ «Үстаз Ұлттық платформасы» арқылы «Педагог бейіні» цифрлық модулінде кәсіби қызметтің нәтижелерін жинақтау;
- ✓ «жоғары», «бірінші», «екінші» біліктілік санаты бар педагогтер 2024 жылдың соңына дейін жаңа жүйе бойынша аттестаттаудан міндетті түрде өтуі;
- ✓ тәрбиелеу-білім беру процесіне енгізу үшін МДҰ педагогтерінің озық тәжірибесінің электрондық Банкіні қалыптастыру;
- ✓ Құзыреттілік орталықтарында үздік педагогикалық тәжірибе алмасу және тарату;
- ✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі – Институт) сайтында виртуалды әдістемелік кабинет арқылы педагогтер практикасын және ата-аналарды қолдау;
- ✓ «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» бағдарламасы аясында МДҰ басшыларының республикалық кадрлық резервіне 50 үміткерді іріктеу, деп әдістемелік нұсқаулық хатта көрсетілген жаңалықтарға тоқталып өтті.

Қаулы етті: Әдістемелік нұсқаулық хатты жұмыс барысында қолдану.

VII ТЫҢДАЛДЫ:

Аттестатталған педагог қызметкерлердің біліктілік санатын алуына байланысты

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгеруші Нугманова З.Б. аттестатталушы педагогтарға тоқталды. Меңгеруші З.Б.Нугмановқа Псанатты басшы, педагог-психолог Сартаева А.А. –педагог-сарапшы, музыка жетекшісі Конысбаева К.А. – педагог-модератор санаттарының 1-інші және екінші кезеңінен өтіп, аудандық білім бөлімінен бұйрық күтіп отыр деді.

Қаулы: Бұйрықтары шығарылып, тиісті санаттары берілсін.

VIII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай меңгеруші Нугманова З.Б. ағымдық құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын қарау, өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша жобалар дайындау, «Әжемнің ертегісі» жобасын әрі қарай жалғастыру, басылымдарға мақалалар беру, әр түрлі деңгейдегі байқауларға, семинарларға қатысу қажеттілігін айтты. 2023-2024 оқу жылында 2 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті, 2 педагог 2024-25 оқу жылына жоспарланып отырылғанын айтты.

Бөбекжайда ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде педагогтарға әдістемелік көмек көрсетілуі керек екенін айта келіп, әдістемелік кеңес төрайымы әдіскер Каюнова А.Е., хатшысы Сартаева А.А. ұсынды. Әдістемелік кеңес отырыстарының шешімдері хаттамамен тіркеліп отырылатынын айтты.

2024-2025 оқу жылында балабақшаға 19 бала қабылданып, құжаттары толтырылғанын айта келіп, топтардағы балалар тізімін бекітуге ұсынды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Тілдер күнін кен түрде атап өту, жұмыс жоспарын бекітіп, топтарда мерекелік шараларды жүйелі ұйымдастыруды қолға алуды тапсырды.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспары мен педагогикалық кеңес құрамы бекітілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.

2. Мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі және тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспары, циклограммалары бекітілсін және әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

3. Тілдер туралы Заңының орындалысы бойынша жауапты тұлға бекітілсін.

Тілдер күніне орай жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай өткізілсін.

Мерзімі: 1-5 қыркүйек

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бөбекжай жұмысына енгізілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

5. Аттестатталушы педагогтардың бұйрығы шығарылсын, тиісті санаттар берілсін.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы



Нугманова З.Б.

Сартаева А.А.

№2 педагогикалық кеңес

Уақыты	18 қараша, 2024 жыл
Тақырыбы	«Балабақша және отбасы: өзара әрекеттесу аспектілері»
Мақсаты	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру
Өтілу түрі	Іскерлік ойын
Күн тәртібі	<ol style="list-style-type: none">1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Менгеруші – Нугманова З.Б.)2. «Балабақша мен отбасының қазіргі заманғы өзара әрекеттесу мәселелері» (Менгеруші – Нугманова З.Б.)3. «Жанжалдарды шешудің оңтайлы жолдары » іскерлік ойыны (әдіскер-Қаюпова А.Е.)4. «Қазіргі отбасы – ол қандай?» ойын жаттығуы (педагог-психолог Сартаева А.А.)5. «Логикалық реттілікті анықтаңыз» ойын жаттығуы (Досаналина К.Е.)6. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бірыңғай білім беру кеңістігінде ата-аналармен өзара іс-қимыл» тақырыбы бойынша тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама (әдіскер-Қаюпова А.Е.)7. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Келесі педкеңеске тапсырма: «Балабақшадағы жасыл әлем» папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру.

№2 Педагогикалық кенеке педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «Балабақша және отбасы: өзара әрекеттесу аспектілері».

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Меңгеруші	
2.	Қаюпова Ақсана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Макарова Сара Сағитжановна	Тәрбиеші	
4.	Досаналина Қунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Қонысбаева Құлай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	

№2 хаттама
педагогикалық кеңес

18 қараша, 2024 жыл

Педкеңес төрағасы: Меңгеруші- Нугманова З.Б.

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог –Сартаева А.А.

Тақырыбы: «Балабақша және отбасы: өзара әрекеттесу аспектілері»

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру.

Жүргізілу түрі: Іскерлік ойын

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б.)
2. «Балабақша мен отбасының қазіргі заманғы өзара әрекеттесу мәселелері» (Меңгеруші – Нугманова З.Б. .)
3. «Жанжалдарды шешудің оңтайлы жолдары » іскерлік ойыны (әдіскер-Каюпова А.Е.)
4. «Қазіргі отбасы – ол қандай?» ойын жаттығуы (педагог-психолог Сартаева А.А.)
5. «Логикалық реттілікті анықтаңыз» ойын жаттығуы (Досаналина К.Е.)
6. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бірыңғай білім беру кеңістігінде ата-аналармен өзара іс-қимыл» тақырыбы бойынша тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама (әдіскер-Каюпова А.Е.)
7. Ағымдағы мәселелер.

І ТЫҢДАЛДЫ: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші – Нугманова З.Б. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп айта аламын, өздеріңізге белгілі «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іс-шаралар жоспарына сай барлық іс –шаралар уақытылы атқарылып отыр. Топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарлары, апталық циклограммалары әр аптаның бесінші күні бекітіліп отыр. Аттестациядан 1-басшы, 2 педагог өтті. Жалақылары пайыздарына байланысты көрсетілді. - делі.

Қаулы етті: №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
қанағаттанарлық.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Балабақша мен отбасының қазіргі заманғы өзара әрекеттесу мәселелері»

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші – Нугманова З.Б. Мектепке дейінгі білім беру жағдайында баланы тәрбиелеу мен оқытудағы балабақша мен отбасының сабақтастығы мәселесін өзектендіру өте маңызды. Адамзаттың мыңжылдық

тарихында жас ұрпақты тәрбиелеудің екі саласы қалыптасты: отбасылық және қоғамдық. Мектепке дейінгі мекеме баланың дамуында маңызды рөл атқарады. Мұнда бала білім алады. Өз қызметін ұйымдастырады. Алайда, баланың бұл дағдыларды қаншалықты тиімді игеретіні отбасының мектепке дейінгі мекемеге деген көзқарасына байланысты. Ата-анасының білім беру процесіне белсенді қатысуынсыз мектеп жасына дейінгі баланың үйлесімді дамуы мүмкін емес. Ата-аналармен сенімді іскерлік байланыс орната білулеріңіз керек. Әр тәрбиеші әр отбасымен қалай қарым-қатынас орнату керек екендігін түсінулеріңіз керек,- деді.

Қаулы етті: Ата-аналармен әрдайым тығыз байланыста болу.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Үстаз» платформасы

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай әдіскері –Қаюпова А.Е. Әріптестер алдағы уақытта е-портфолие жабылып, «Үстаз» платформасымен жұмыс жасайтын боламыз. Барлықтарыңыздың құжаттарыңыз дайын болсын. Құжаттар тіркеу керек дегенде тіркеле қоямыз деді.

Қаулы етті: «Үстаз» платформасына енгізілетін құжаттар дайын болсын.

IV ТЫҢДАЛДЫ:

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бірыңғай білім беру кеңістігінде ата-аналармен өзара іс-қимыл» тақырыбы бойынша тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

СӨЙЛЕДІ: әдіскер-Қаюпова А.Е. Ата-аналармен үнемі бірлескен жиындар өтетінін білесіздер. Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесінде ата-аналар мен тәрбиешілер баланың негізгі тәрбиешілері болып табылады. Сондықтан да педагог жүргізетін тәрбие жұмысының нәтижелілігі сіздердің ата-аналармен өткізген жұмыстарыңызбен тікелей байланысты деді. Ата-аналармен әрдайым ортақ тіл табыса аласыздар. Түрлі жиындар мен дөңгелек үстел, ойындар өткіздіңіздер. Ата-аналармен топтап, жекелеп әңгіме жүргіздіңіздер. Ата-аналармен өзара іс-әрекетке жақсылап дайындалыңыздар, түрлі ситуациялық сұрақтарды жақсылап ойластырып қойыңыздар деді.

Қаулы етті: Ата-аналармен өткізілетін іс-шараларға жоғары деңгейде дайындалсын.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: музыка жетекшісі –Қонысбаева К.А. Желтоқсан айында болатын мерекелерге дайындық басталды. Ата-аналарға балалардың киетін костюмдері осы бастан ескертіліп жатыр, 16-желтоқсан тәуелсіздік

мерекесіне сценарий дайындап жатырмын. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Әкелер мектебі» мен «Әжелер мектебінің» іс-шаралары жоспарға сай өткізіліп жатыр деді.

Қаулы етті: Барлық іс-шаралар уақытылы өткізілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
Мерзімі: тұрақты
Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.
2. Ата-аналармен әрдайым тығыз байланыста болу. Ата-аналармен өткізілетін іс-шараларға жоғары деңгейде дайындалсын.
Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.
3. «Ұстаз» платформасына енгізілетін құжаттар дайын болсын.
Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.
4. Барлық іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы



Нугманова З.Б.

Сартаева А.А.

№3 педагогикалық кеңес

Уақыты	23 қаңтар, 2025 жыл
Тақырыбы	«Тірі табиғат құралдарымен экологиялық тәрбие».
Мақсаты	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру
Өтілу түрі	Педагогикалық идеялар аукционы
Күн тәртібі	<ol style="list-style-type: none"> 1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Менгеруші – Нугманова З.Б. .) 2. «Экологиялық пияз» (Макарова С.С.) 3. «Үздік табиғат бұрышы» байқауының қорытындысын шығару. (Әдіскер-Қаюпова А.Е) 4. «Жас ерекшеліктер бойынша баланың ауру-сырқау нәтижесі» (Сартаева А.А.) 5. «Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбындағы тақырыптық бақылау қорытындылары бойынша талдамалық анықтама (Қаюпова А.Е.) 6. Ойын – КТД (практикалық жұмыс) (ұжымдық шығармашылық қызмет). (Досаналина К.Е.) 7. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Келесі педкеңеске тапсырма: «Балабақшадағы қауіпсіздіктің алдын алу жолдары» көрме.

№3 Педагогикалық кеңеке педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «Тірі табиғат құралдарымен экологиялық тәрбие».

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Меңгеруші	
2.	Каюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Макарова Сара Сагитжановна	Тәрбиеші	
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Конысбаева Кулай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	

№3 хаттама
педагогикалық кеңес

23 қаңтар 2025 жыл

Педкеңес төрағасы: Нугманова З.Б.- менгеруші

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог Сартаева А.А.-хатшы

Тақырыбы: «Тірі табиғат құралдарымен экологиялық тәрбие»

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру

Жүргізілу түрі: Педагогикалық идеялар аукционы

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Менгеруші – Нугманова З.Б.)
2. «Экологиялық пияз» рефлексиясы(Макарова С.С.)
3. «Үздік табиғат бұрышы» байқауының қорытындысын шығару. (әдіскер-Каюпова А.Е)
4. «Жас ерекшеліктер бойынша баланың ауру-сырқау нәтижесі» (Сартаева А.А.)
5. «Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбындағы тақырыптық бақылау қорытындылары бойынша талдамалық анықтама (Каюпова А.Е.)
6. Ойын – КТД (практикалық жұмыс) (ұжымдық шығармашылық қызмет). (Досаналина К.Е.)
7. Ағымдағы мәселелер.

І ТЫҢДАЛДЫ: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Менгеруші – Нугманова З.Б. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп айта аламын, балабақшамызда ата-аналармен тығыз байланыс орнап, «Әкелер мектебі» мен «Әжелер мектебі» өз жұмысының жалғасын тауып жатыр.

Барлық педагогтар Ұстаз.кз платформасына тіркеліп, уақытылы жетістіктері салынып жатыр. Күнделікті ұйымдастырылған іс-шаралар өз уақытында өтіп жатыр деді.

Қаулы етті: №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
қанағаттанарлық.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Экологиялық пияз» рефлексиясы.

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші- Макарова С.С. «Экологиялық пияз»- бұл экологиялық проблемаларды түсіну және талдау үшін қолданылатын әдіс. Бұл әдіс көбінесе мектептерде, балабақшаларда немесе тренингтерге экологиялық тақырыптар бойынша балалармен немесе топтармен жұмыс істегенде қолданылады. Оның негізгі мақсаты – балаларды табиғатпен, қоршаған ортамен және экологиялық мәселелермен таныстыру және оларға жауапкершілік сезімін дамыту.

«Экологиялық пияз» әдісінің кезеңдері: **1.Орталық қабат (табиғат):** Осы қабатта табиғаттың өзі бейнеленеді. Бұл жерде балалар табиғаттың мәні, табиғи ресурстардың маңыздылығы туралы ой қозғайды. **2.Келесі қабат (адамзат):** Бұл қабатта адам табиғат арасындағы қарым-қатынас қарастырылады. Адамдардың экологияға әсері, адамзаттың табиғатпен байланысы талқыланады. **3.Сыртқы қабат (экологиялық проблемалар):** Бұл қабатта экологиялық проблемалар, ластану, климат өзгерісі, табиғи апаттар мен басқа да экологиялық мәселелер туралы айтылады. «Экологиялық пияз» рефлексиясы арқылы балалар түрлі экологиялық проблемаларды шешіп, табиғатқа деген жаңашырлықтары оянады. Табиғатқа қамқор болуды үйренеді делі.

Қаулы етті: «Экологиялық пияз» рефлексиясы өз жалғасын тапсын.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Үздік табиғат бұрышы» байқауының қорытындысын шығару.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер-Қаюпова А.Е. Балабақшамызда екі топ арасында «Үздік табиғат бұрышы» байқауы өткізілді. Табиғат бұрышының жинақталуы өте жақсы. Табиғат бұрышына сай стенд бар. Жануарлар қоры мол. Түрлі өсімдіктер өте көп. Балалардың жұмыстануына тиімді жағдай жасалған. «Гүлдер» тобы «Үздік табиғат бұрышы» номинациясымен, «Балапан» тобы «Үздік зертхана» номинациясымен марапатталды делі.

Қаулы етті: Байқау қатысушылары әділ бағалансын.

IV ТЫҢДАЛДЫ: «Жас ерекшеліктер бойынша баланың ауру-сырқау нәтижесі»

СӨЙЛЕДІ: Педагог-психолог – Сартаева А.А. Балабақшамызға 2 жас пен 5-жас аралығындағы балалар келеді. Танцертеңгілік қабылдау кезінде медбике екеуміз балаларды бақылаймыз.

Баланың жас ереерекшеліктеріне байланысты ауру-сырқау нәтижелері әртүрлі болуы мүмкін, себебі әр жастағы бала ағзасының физиологиялық ерекшеліктері, иммундық жүйесі мен психоэмоционалдық жағдайы өзгеше болады. Бұл тұрғыда әрбір жас кезеңі үшін баланың ауруға бейімділігі, аурудың өту сипаты және оның денсаулығына әсері әртүрлі болады. Жас ерекшеліктеріне қарай баланың денсаулығын бақылау және аурудың алдын алу шараларын уақытында қабылдау өте маңызды. Әр кезеңде балаларға арнайы медициналық тексерулер мен профилактикалық ем жүргізу ұсынылады-делі.

Қаулы етті: Таңғы қабылдау күнделікті жүргізілуі жалғастырылсын.

V ТЫҢДАЛДЫ: «Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбындағы тақырыптық бақылау қорытындылары бойынша талдамалық анықтама

СӨЙЛЕДІ: әдіскер-Қаюпова А.Е. Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру – бұл экологиялық білім мен түсініктерді қалыптастыру, табиғатқа деген жауапкершілік пен қамқорлық сезімін дамыту

мақсатында жүргізілетін жүйелі шаралар мен іс-әрекеттердің жиынтығы. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру – олардың болашақта қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану мәселелеріне белсенді қатысуына негіз қалау болып табылады.

Топтарда балалармен табиғат жайында түрлі әңгімелесу болды, табиғатты қорғау жөнінде мәліметтер берілді. Топта әрдайым экологиялық тәрбие жөнінде сұрақтар қойылып, түрлі түсініктер беріледі. Балалар жылдың төрт мезгілінде табиғатқа серуенге шығып, жыл мезгілдерінің ерекшелігімен танысады. Табиғат өзгерістерін көреді. Әрдайым табиғат туралы білімдері кеңейтіліп отырады. Сумен, топырақпен, қармен эксперименттік жұмыстар жүргізіледі. Балабақша ауласына көшектер отырғызылады.

Балаларды экологиялық тәрбиелеу- бұл болашақ ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін, табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыруда маңызды роль атқаратын процесс.- деп айтып өтті.

Қаулы етті: «Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында талдамалық анықтама жазылсын.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Ойын-КТД (практикалық жұмыс) (ұжымдық шығармашылық қызмет).

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші – Досаналина К.Е. Ойын-КТД дегеніміз білімді тексеру ғана емес, сонымен қатар, оны қызықты, шығармашылық және жағымды түрде өткізуге мүмкіндік беретін тәсіл. Ойын формасы арқылы балалар өз білімін ұсына отырып, қатарлас ойыншылармен бәсекеге түседі немесе топтық жұмыс істейді, бұл олардың әртүрлі дағдыларын қалыптастырады. Өткізу үшін алдымен тапсырмалар таңдалып, жұмыс жүргізіледі. Топтық тапсырманы сіздермен орындасам. «Жұмбақтарды шешейік». Барлықтарыңызға ойын ұнады деп ойлаймын-деді.

Қаулы етті: Ойындар тиімді қолданылсын.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Ән жетекшісі - Қонысбаева К.А. «Әжелер мектебі» жоспарына сай қылып, қаңтар айында балаларға онлайн тапсырмалар берілді. Барлығы белсенді қатысты. Тәрбиеші апайлардан ата-аналарды белсенді қатысуына ықпал етулеріңізді сұраймын-деді.

Қаулы етті: «Әжелер мектебі» мен «Әжелер мектебі» жоспарға сай уақытылы жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.

2. «Экологиялық пияз» рефлексиясы өз жалғасын тапсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

3. Байқау қатысушылары әділ бағалансын.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

4. Таңғы қабылдау күнделікті жүргізілуі жалғастырылсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

5. «Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында талдамалық анықтама жазылсын.

Жауаптылар: әдіскер.

6. Ойындар тиімді қолданылсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

Педкеңес төрайымы

Педкеңес хатшысы



Нугманова З.Б.

Сартаева А.А.

№4 педагогикалық кеңес

Уақыты	31 наурыз, 2025 жыл
Тақырыбы	«Мектеп жасына дейінгі балаларда өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру»
Мақсаты	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру
Өтілу түрі	Шығармашылық қобдиша
Күн тәртібі	<ol style="list-style-type: none"> 1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б. .) 2. «Терроризмге қарсы қызмет» саласында мектеп жасына дейінгі балаларды жеке қауіпсіздік шараларын оқытуда компьютерлік технологияларды қолданудың өзектілігі» баяндама (Макарова С.С.) 3. Педагогтерге арналған тапсырма «Ертегі өтірік, бірақ ондағы тұспал». (Досаналина К.Е.) 4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды ертегілердің көмегімен қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру» тақырыбы бойынша хабарлама (Тәрбиеші – А.А.Юсупова) 5. «Менің денсаулығым» психотренингі (Педагог-психолог А.А.Сартаева) 6. «Мектеп жасына дейінгі балаларда өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру бойынша тақырыптық бақылауды талдау нәтижесі». (Әдіскер – Каюпова А.Е.) 7. ЕБҚЕБ арналған ертегі терапиясы. (Музыка жетекшісі – К.А.Конысбаева) 8. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Келесі педкеңеске тапсырма: «Эстетикаға бай портфолио» көрмесі.

№4 Педагогикалық кеңеке педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларда өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру».

Күні: 31 наурыз, 2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Менгеруші	
2.	Қаюпова Ақсана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Макарова Сара Сағитжановна	Тәрбиеші	
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Қонысбаева Құлай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	

**№4 хаттама
педагогикалық кеңес**

31 наурыз 2025 жыл

Педкеңес төрағасы: Нугманова З.Б.- меңгеруші

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог Сартаева А.А.-хатшы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларда өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру»

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін жүзеге асыру бағытында білім беру мазмұнының сапасын арттыру.

Жүргізілу түрі: Шығармашылық қобдиша

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б.)
2. «Терроризмге қарсы қызмет» саласында мектеп жасына дейінгі балаларды жеке қауіпсіздік шараларын оқытуда компьютерлік технологияларды қолданудың өзектілігі» баяндама (Макарова С.С.)
3. Педагогтерге арналған тапсырма «Ертегі өтірік, бірақ ондағы тұспал». (Тәрбиеші – Досаналина К.Е.)
4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды ертегілердің көмегімен қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру» тақырыбы бойынша хабарлама (Тәрбиеші – А.А.Юсупова)
5. «Менің денсаулығым» психотренингі (Педагог-психолог А.А.Сартаева)
6. «Мектеп жасына дейінгі балаларда өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру бойынша тақырыптық бақылауды талдау нәтижесі». (Әдіскер – Каюпова А.Е.)
7. ЕБҚЕБ арналған ертегі терапиясы. (Музыка жетекшісі – К.А.Қонысбаева)
8. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші – Нугманова З.Б. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп айта аламын, балабақшамызда ата-аналармен балаларды экологиялық тәрбие беру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Күнделікті ұйымдастырылған іс-шаралар өз уақытында өтіп жатыр делі.

Қаулы етті: №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Терроризмге қарсы қызмет» саласында мектеп жасына дейінгі балаларды жеке қауіпсіздік шараларын оқытуда компьютерлік технологияларды қолданудың өзектілігі» баяндама

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші- Макарова С.С. Қазіргі әлемде терроризмнің ықтимал қауіптері мен басқа да қатерлер қоғамның түрлі салаларында сақтық пен

дайындықты талап етеді. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалар үшін қауіпсіздік шараларын сақтау өте маңызды. Бұл кезеңде балалардың санасы әлі қалыптасып жатқандықтан, оларды қауіпсіздікке үйрету ерекше назар аударуды қажет етеді.

Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуді әр түрлі жаңа технологиялардың дамуы мен ақпараттық қоғамның қалыптасуымен бірге, білім беру жүйесінде компьютерлік технологияларды пайдалану мүмкіндігі де артуда. Атап айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға жеке қауіпсіздік шараларын үйрету үшін компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану өзектілігін арттырды.

Мектеп жасына дейінгі кезең — бұл балалардың негізгі психологиялық және физиологиялық даму кезеңі, яғни осы уақытта қалыптасқан білім мен дағдылар болашақта адамның мінез-құлқына, реакциясына, қоғамдағы орнына әсер етеді. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру мекемелері балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қаулы етті: «Терроризмге қарсы қызмет» саласында балалардың қауіпсіздік шараларын сақтау және үйрету, дағдыларын қалыптастыру барысында компьютерлік технологиялар кеңінен пайдаланылсын.

Ш ТЫҢДАЛДЫ: Педагогтерге арналған тапсырма «Ертегі өтірік, бірақ ондағы тұспал».

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші - Досаналина К.Е. Ертегілер, шынымен де, көбінесе қиял мен өтірікке негізделген, бірақ оларда өмірлік маңызды тұжырымдар мен мәндер беріледі. Ертегілерде «өтірік» немесе «қиял» болғанымен, оларда терең тұспал, адамгершілік қағидаттар мен өмірлік сабақтар бар. Бұл тұспалдар балаларға немесе ересектерге адамның мінез-құлқы, дұрыс пен бұрыс, жақсы мен жаман туралы түсінік береді.

Ертегілерде кейіпкерлер көбінесе жақсы мен жаманның шекарасын көрсететін жағдайларға тап болады. Бұл жағдайлар арқылы балаларға немесе тыңдаушыларға адамгершілік нормалар, адалдық, әділдік, достық, қайырымдылық сияқты құндылықтар үйретіледі. Мысалы:

- «Қарға мен тырна» ертегісінде қайырымдылық пен өзара көмек көрсетудің маңыздылығы түсіндіріледі.

- «Ер Төстік» ертегісінде адамның ерлік қасиеттері мен қиындықтарды жеңу жолдары көрсетіледі.

Ертегілерде өтірік немесе қиял көбінесе балаларды өмірдің күрделі мәселелеріне, адам бойындағы жақсы қасиеттерді арттыруға бағытталған. Бұл балалардың елестету қабілетін дамытуға ықпал етеді және оларды белгілі бір жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға ынталандырады. Мысалы, ертегіде сиқырлы заттар немесе мифтік жануарлар кездескенде, олар тек қана көңіл көтеру емес, белгілі бір философиялық немесе моральдық мағынамен беріледі екен деді.

Қаулы етті: Балаларға ертегілерді айту барысында ертегі мағынасын және сол ертегі арқылы айтқысы келген негізгі ойды балалардың өздері түсініп, ойларын анық айтуларына мүмкіндік беру тәсілдері кеңінен қолданылсын.

IV ТЫҢДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балаларды ертегілердің көмегімен қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру» тақырыбы бойынша хабарлама

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші – Юсупова А.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу қажет, себебі осы жастағы балалар әлеуметтену мен мінез-құлық дағдыларын жаңа бастайды. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін баланың санасына сіңіру үшін түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылуы мүмкін, соның ішінде ертегілердің көмегіне жүгіну өте тиімді болып табылады. Ертегілер балаларға қауіпсіздік ережелерін үйретудің әрі қызықты, әрі түсінікті тәсілі бола алады. Ертегілер — мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретудің өте тиімді құралы. Олар арқылы балаларға қауіпсіздік ережелерін жеңіл әрі қызықты түрде жеткізуге болады. Ерекше қағидалар мен маңызды тұжырымдар ертегілердің арқасында балалардың санасына сіңеді және оларды нақты өмірде қолдануға мүмкіндік береді деді.

Қаулы етті: Балабақшада балалардың жеке қауіпсіздігін сақтауды үйретуде ертегілер кеңінен қолданылсын.

V ТЫҢДАЛДЫ: «Менің денсаулығым» психотренингі

СӨЙЛЕДІ: Педагог-психолог – Сартаева А.А. Бүгін сіздермен денсаулығымызға арналған түрлі тренингтермен танысып, орындаймыз. Жайлы отырып, тренингті орындауларыңызды сұраймын.

Психотренинг әдістері

1. Тыныс алу жаттығулары: Терең тыныс алу арқылы стрессті жеңуге, жүйке жүйесін тыныштандыруға және көңіл күйді жақсартуға болады.

- Терек тыныс алу: Бірнеше секундқа демді ұстанып, содан кейін жайлап шығарыңыз. Бұл жаттығу жүйке жүйесін тыныштандырып, күйзелісті жеңуге көмектеседі.

2. Медитация мен визуализация: Медитация мен визуализация арқылы денсаулығыңызды жақсарту үшін сіз өзіңізді сау, қуатты және бақытты деп елестете аласыз. Бұл әдіс ағзадағы энергияны реттеп, стресс деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

3. Позитивті аффирмациялар: Психотренинг барысында өзіңізге жағымды сөздер айту (аффирмация) денсаулыққа жағымды әсер етеді. Мысалы, «Мен өз денсаулығымды жақсы көремін» немесе «Менің денем сау және қуатты» деген сөздер өзіңізді жақсы сезінуге және денсаулығыңызды нығайтуға көмектеседі.

4. Эмоциялық релаксация: Денені және ойды босату арқылы денсаулығыңызды жақсартуға болады. Жаттығу кезінде белгілі бір бұлшықеттерді босатып, оларды тазартып, ағзадағы кернеуді жоюға көмектеседі – деп өз тренингін аяқтады.

Қаулы: Тренинг жиі өткізілсін.

VI ТЫҢДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балаларда өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру бойынша тақырыптық бақылауды талдау нәтижесі».

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер – Каюпова А.Е. Мектеп жасына дейінгі кезең — баланың өмірлік дағдылары мен мінез-құлқының негіздері қаланатын маңызды уақыт. Бұл кезеңде балалар айналадағы орта мен оның қауіптеріне қатысты алғашқы түсініктерін алады. Сондықтан өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру балалардың өмірінде өте маңызды, себебі бұл олардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

1. Өмір қауіпсіздігі дегеніміз не?

Өмір қауіпсіздігі — бұл адамның денсаулығына зиян келтіретін түрлі қауіп-қатерлерден сақтану үшін қажетті мінез-құлық дағдылары мен ережелерді меңгеру. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін бұл қарапайым ережелер мен дағдылар, мысалы: жолда жүріп-тұру, белгісіз адамдардан сақтану, қауіпті заттардан аулақ болу және табиғат апаттарына дайын болу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды өмір қауіпсіздігі негіздерімен таныстыру олардың қауіпсіздігін сақтауға, өзін-өзі қорғау дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдыларды ойындар, әңгімелер, жаттығулар арқылы

үйрету балаларға жеңіл әрі түсінікті болады. Қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде қолдану арқылы балалар дұрыс мінез-құлықты өздеріне дағдыға айналдырады, бұл олардың өмірін қорғап, қауіпсіз ортада өмір сүруіне ықпал етеді екен деді.

Қаулы етті: Қауіпсіздік ережелері күнделікті түсіндірілсін және сақталсын.

VII ТЫҢДАЛДЫ: ЕБҚЕБ арналған ертегі терапиясы.

СӨЙЛЕДІ: Музыка жетекшісі – Қонысбаева К.А. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс істегенде педагогика, психология, медицина және шығармашылық әдістердің үйлесімділігі өте маңызды. Бұл балалардың эмоциялық, психологиялық және әлеуметтік дамуы үшін ертегі терапиясы сияқты тиімді әдістерді қолдану ерекше мәнге ие.

Ертегі терапиясы — бұл психотерапевтік әдіс, онда балаларға арнайы таңдалған ертегілер арқылы олардың эмоциялық жағдайы мен психологиялық даму деңгейі жақсарады. Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған ертегі терапиясы олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді әрі қызықты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған ертегі терапиясы — бұл олардың психоэмоционалды жағдайын жақсартуға, әлеуметтік дағдыларды дамытуға, шығармашылықты қолдауға бағытталған маңызды әдіс. Балалар ертегілер арқылы өз қорқыныштары мен мәселелерін жеңуге, жана дағдыларды меңгеруге, әрі олардың ішкі әлемімен жақынырақ танысуға мүмкіндік алады. Ертегі терапиясы балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуына оң әсер ететін керемет құрал болып табылады деді.

Қаулы етті: ЕБҚЕБ арналған терапия түрлерінің барлығы қолданылсын.

VIII ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші – Макарова С.С. Сәуір айында балабақшамызда аудандық семинар жоспарлануда. Соған дайындығымызды бастап, балабақшаны безендіру мен бірдей киім үлгісін берсек. Барлығымыз бірге дайындалсақ деп ойымен бөлісті.

СӨЙЛЕДІ: Музыка жетекшісі – Қонысбаева К.А. Мен де толықтай келісемін. Осы бастан әндерім мен балалардың биін жинақтап жатырмын деді.

Қаулы етті: Семинарға дайындық басталсын.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер.

2. «Терроризмге қарсы қызмет» саласында балалардың қауіпсіздік шараларын сақтау және үйрету, дағдыларын қалыптастыру барысында компьютерлік технологиялар кеңінен пайдаланылсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

3. Балаларға ертегілерді айту барысында ертегі мағынасын және сол ертегі арқылы айтқысы келген негізгі ойды балалардың өздері түсініп, ойларын анық айтуларына мүмкіндік беру тәсілдері кеңінен қолданылсын.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

4. Балабақшада балалардың жеке қауіпсіздігін сақтауды үйретуде ертегілер кеңінен қолданылсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

5. Тренинг жиі өткізілсін.

Жауаптылар: педагог-психолог

6. Қауіпсіздік ережелері күнделікті түсіндірілсін және сақталсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

7. ЕБҚЕБ арналған терапия түрлерінің барлығы қолданылсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

Педкеңес төрайымы:

Педкеңес хатшысы:



Нугманова З.Б.

Сартаева А.А.

№5 Педагогикалық кеңеке педагогтардың қатысуын тіркеу
жоспардан тыс

Тақырыбы: "Мемлекеттік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және
өткізілуі ұсыну».

Күні: 19 мамыр, 2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Менгеруші	<i>Handwritten signature</i>
2.	Каюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	<i>Handwritten signature</i>
3.	Макарова Сара Сагитжановна	Тәрбиеші	<i>Handwritten signature</i>
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	<i>Handwritten signature</i>
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	<i>Handwritten signature</i>
6.	Сартаева Айман Алдабергеневна	Педагог-психолог	<i>Handwritten signature</i>
7.	Коньсбаева Кулай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	<i>Handwritten signature</i>

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы МКҚК – ның № 5 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы

Хаттама № 5

Өткізілген уақыты: 2025 жыл, 19 мамыр

Қатысқандар: 7 педагог, есепші

Күн тәртібі:

1. «Ақтөбе облысы білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды: МКҚК “Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі - З.Б. Нугманова. «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасында 2024 жылдың 31 мамырынан 10 маусым аралығында мемлекеттік өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу ұсынылды.

Өзін-өзі бағалау 2025 жылдың 19 мамырынан 27 мамырға дейін тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүргізілуі тиіс.

Ұжымды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (жаңа редакцияда ҚР Білім және ғылым Министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығымен) және 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығымен таныстырды.

Өзін-өзі бағалау үшін комиссия құру қажет, оның мүшелері келесі бағыттар бойынша материалдарды дайындайды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

Құжаттар: өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған

оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» негізделіп құрылған және бекітілген болу керек. Ұйымдастырылған оқу іс - шараларының кестесі жасалып, бекітілген болу керек.

Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының кошірмелері қоса беріледі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

- ✓ оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- ✓ қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
- ✓ тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- ✓ мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- ✓ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;
- ✓ креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- ✓ "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша

***Құжаттар:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының кошірмелері қоса беріледі (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған);*

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабақтары салынады.

3) МДГО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

Құжаттар:жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі;

- *табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер, тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдардың бар болуы;*

4) МЖМБС және МДГО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

- *Құжаттар:бағаланатын кезеңдер бойынша кесте жасап, пайызбен шығару, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі;*

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

Құжаттар:Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен көрсетілген кезеңде жүргізілген жұмыстар, балаларға арналған жеке оқу жоспарымен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі);

б) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

Құжаттар:Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған болуы керек,мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі;

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру

Құжаттар: сабақ кестелері,циклограмма құрылған болу керек,бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі;

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

Құжаттар:балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылады, бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі.

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1)МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Құжаттар:жұмыстық оқу жоспарлары, сабақ кестесі, циклограмма құрылған болу керек,бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері салыну керек.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Құжаттар:апталық оқу жүктемесінің көшірмелері салынады, сабақ кестесі бекітілген оқу жоспарларына сәйкес құрастырылғанболуы керек.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Құжаттар:Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары мен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі.

4.Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша, жастаптары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылармен құзыреттіліктердің көлемін игеру

Құжаттар:әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейне материалдары салынады.

2) жас кезеңіне сәйкестәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

Құжаттар: Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игеру кестесі, өзім шарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

Құжаттар: білім беру ұйымына 1 жастан 5 жасқа дейін қабылдану керек, өзім шарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі;

2) тәрбиеленушіні мектепалды даярлық тобына қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Құжаттар: балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы, бұйрықтары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталу керек.

Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды. Дауыс беру барысында бірауыздан шешім қабылданды:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі
З.Б. Нугманова.

Комиссия мүшелері:

Әдіскер - А.Е. Каюнова

Муз. жетекшісі - К.А. Конысбаева

Тәрбиеші - С.С. Макарова

Есепші – А.С. Шынтемирова

2. Комиссия хатшысы болып А.А. Сартаева сайлансын.

3. Комиссия мүшелері 2023 – 2024 оқу жылына 1 жыл ішінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындалсын:

Каюнова А.Е. – МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар

педагогтердің болуы;- жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау;

Макарова С.С.- баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы;

- "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру;

- тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы.

Коньсбаева К.А. - тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектепалды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар;

- Оқу мерзіміне қойылатын талаптар;

Шынтемирова А.С. - материалдық – техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі құрамда комиссия құрылсын және бекітілсін.
2. Комиссия мүшелері 2024 - 2025 оқу жылына дейінгі 1 жыл ішінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептер дайындалсын.
3. Комиссия құрамы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін 2024 жылдың 10 маусымда қорытындыласын.
4. 2025 жылдың 30 мамырына дейін білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

Комиссия төрағасы:

Хатшы:



З.Б.Нугманова

А.А.Сартаева

№6 Педагогикалық кеңеке педагогтардың қатысуын тіркеу
жоспардан тыс

Тақырыбы: "Мемлекеттік өзін-өзі бағалауды жүргізу кезіндегі зерттеу
жұмыстарының қорытындысы».

Күні: 27 мамыр, 2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Менгеруші	<i>[Signature]</i>
2.	Қаюпова Аксана Ермахановна	Әдіскер	<i>[Signature]</i>
3.	Макарова Сара Сағитжановна	Тәрбиеші	<i>[Signature]</i>
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	<i>[Signature]</i>
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	<i>[Signature]</i>
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Қонысбаева Қулай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	<i>[Signature]</i>

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»
ММ-нің «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы МКҚК – ның № 6 жоспардан тыс
педагогикалық кеңестің хаттамасы

Хаттама №6

Өткізілген уақыты: 2025 жыл, 27 мамыр

Қатысқандар: 7 педагог, есепші

Күн тәртібі:

1. МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия мүшелері өз сөздерінде мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын жүргізу кезінде зерттеудің бағыттары мен объектілерін талдап қорытындылады.

Тыңдалды:

1. А.Е.Каюпова: оқыту мен оқытуды тексеру қорытындылары, МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру, МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау туралы, ата-аналардың сауалнамасын талдау туралы мәселелеріне тоқталып өтті .

2. Макарова С.С.: - баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы, "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру, тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы туралы мәлімет ұсынды.

3. Конысбаева К.А: тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектепалды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар және оқу мерзіміне қойылатын талаптар туралы талқылады.

4. Тойманова С.С.: тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базаның жағдайы, негізгі құралдарды сатып алуды талдау жасады.

Сөз сөйледі: музыка жетекшісі - Конысбаева К.А.:

- өзін-өзі бағалау материалын бекітуді ұсынды. Комиссия мүшелері мектепке дейінгі ұйымның МБЖС және үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша қызметіне объективті талдау ұсынды. Штаттық кестеге сәйкес балабақша педагогикалық кадрлармен 100% жинақталған. 4 тәрбиеші- 100% мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандықтары бойынша білімдері бар. Ересек тобының ата-аналарының сауалнамасы және талдау материалдары тәрбиеленушілердің дағдыларының қалыптасу деңгейі МЖМБС дағдыларына сәйкес.

Сөз сөйледі: «Балапан» аралас тобының тәрбиешісі Макарова С.С.

- ұсынылған талдаудан бес саланы «Денсаулық», «Әлеумет», «Шығармашылық», «Коммуникация», «Таным» дағдыларының интеграция принциптерін есепке ала отыра, үлгілік оқу бағдарламасы гендерлік үйлесім және психолог – педагогикалық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарға, топтағы пәндік - кеңістік дамытушы орта қауіпсіздік ережесіне сәйкес құрылған. Комиссияның қорытынды бағасына «қанағаттанарлық» деп дауыс беруді ұсынды.

Дауыс беру барысында бірауыздан **шешім** қабылданды:

1. «Денсаулық», «Әлеумет», «Шығармашылық», «Коммуникация», «Таным» дағдыларының интеграция принциптерін есепке ала отыра, үлгілік оқу бағдарламасы гендерлік үйлесім және психолог – педагогикалық, эстетикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес топтағы пәндік- кеңістік дамытушы орта қауіпсіздік ережесіне сәйкес құрылған. Балабақша материалдық-техникалық базасын жетілдіруді жалғастыру.
2. Тәрбиеленушілердің дағдыларының қалыптасуы деңгейі МЖМБС дағдыларына сәйкес.
3. Штаттық кестеге сәйкес балабақша педагогикалық кадрлармен 100% жинақталған.
4. Балабақшаның оқу – тәрбие процесінің ұйымдастырылуы МЖМБС сәйкес.
5. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдары бекітілсін.
6. «Ақтөбе облысы Білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалауы «қанағаттанарлық» болып бағалансын.

7. 2025 жылғы 30 мамырға дейін МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының сайтында өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды орналастырылсын.

Жауапты: «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының әдіскері – Каюпова А.Е.

Бақылау: «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі – З.Б. Нугманова

Комиссия төрағасы:

Хатшы:



З.Б. Нугманова

А.А. Сартаева

№7 педагогикалық кеңес

Уақыты	30 мамыр, 2025 жыл
Тақырыбы	«2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндеттерін айқындау.»
Мақсаты	Мектепке дейінгі ұйымдағы 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін саралап, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау арқылы келесі оқу жылына нақты мақсаттар мен міндеттерді белгілеу, білім беру сапасын арттыруға бағытталған тиімді тәсілдер мен бағыттарды анықтау.
Өтілу түрі	Дөңгелек үстел
Күн тәртібі	<ol style="list-style-type: none"> 1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі» (Әдіскер – Каюпова А.Е.) 3. 2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту. (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен танысу, бекіту. (Меңгеруші – Нугманова З.Б.) 5. Ағымдағы мәселелер.
Тапсырма	Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы бойынша альбом, буклет дайындау.

№7 педагогикалық кеңеске педагогтардың қатысуын тіркеу

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндеттерін айқындау».

Күні: 30 мамыр 2025 жыл

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Нугманова Замзагуль Бекказиевна	Менгеруші	
2.	Каюпова Ақсана Ермахановна	Әдіскер	
3.	Макарова Сара Сағитжановна	Тәрбиеші	
4.	Досаналина Кунслу Ертаевна	Тәрбиеші	
5.	Юсупова Айсырға Айбекқызы	Тәрбиеші	
6.	Сартаева Айман Алдабергеновна	Педагог-психолог	
7.	Конысбаева Кулай Алмуратовна	Музыка жеткішісі	

№7 хаттама
педагогикалық кеңес

30 мамыр, 2025 жыл

Педкеңес төрағасы: Меңгеруші- Нугманова З.Б.

Педкеңес хатшысы: педагог-психолог –Сартаева А.А.

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндеттерін айқындау»

Мақсаты: «Мектепке дейінгі ұйымдағы 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының нәтижелерін саралап, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау арқылы келесі оқу жылына нақты мақсаттар мен міндеттерді белгілеу, білім беру сапасын арттыруға бағытталған тиімді тәсілдер мен бағыттарды анықтау.»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Меңгеруші – Нугманова З.Б.)
2. «Балалардың бағдарламалық материалдарды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі» (Әдіскер – Каюпова А.Е.)
3. 2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту. (Меңгеруші – Нугманова З.Б.)
4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен танысу, бекіту. (Меңгеруші – Нугманова З.Б.)
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші – Нугманова З.Б. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп айта аламын, өздеріңізге белгілі «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іс-шаралар жоспарына сай барлық іс –шаралар атқарылып отыр. Топ тәрбиешілерінің перспективалық жоспарлары, апталық циклограммалары әр аптаның бесінші күні бекітіліп отыр деді.

Қаулы етті: №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Балалардың бағдарламалық материалдарды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер – Каюпова А.Е. Оқу жылы бойы жұмыс ҚР Мемлекеттік стандарт пен үлгілік оқу бағдарламасына сай жүргізілді. Жас ерекшелік топтарына сәйкес бес дағды бойынша қамтылды: Денсаулық, Қатынас, Таным, Әлеумет, Шығармашылық.

Балалардың сөздік қоры, сөйлеу дағдылары дамыды. Сөйлеммен сөйлеу және өз ойын жеткізуі артты. Тапсырмаларды орындауда белсенділік жоғары. Ұсақ қол моторикасы, қимыл дағдылары жақсарды. Балалардың өзін-өзі ұстауы, тәртіпке бағыныштылығы нығайды деді.

Алдағы оқу жылының мақсаты: Балаларға қолайлы, қауіпсіз және дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру, заманауи талаптарға сай тұлға тәрбиелеу.

Міндеті:

- Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту үшін денсаулық сақтау технологияларын енгізу бойынша жұмысты жалғастыру.
- Педагогтерді кәсіби дамыту іс-шараларына қатысуға ынталандыру.
- Балалармен оқу іс-шаралары шеңберінде жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмысты жандандыру

Келер жылдың мақсат міндеттерін толық танысу үшін алдарына ұсынамын деді.

Қаулы етті: Алдағы оқу жылының мақсат -міндеттері айқындалып, алдағы оқу жылы орындалсын.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: 2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Менгеруші – Нугманова З.Б. Балабақшамыздағы педагог кадрлардың кәсіби біліктілік деңгейін анықтау және дамыту мақсатында 2025–2026 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімін жүйелі түрде қарастырып отырмын. 2025-2026 оқу жылында

1.Макарова С.С.-сарапшы

2.Досаналина К.Е.-сарапшы

3.Каюпова А.Е.-сарапшы (тәрбиеші қызметі бойынша)

4.Юсупова А.А. –модератор біліктілік санаттарына өтініш берулеріне байланысты құжаттарды даярлау, әдістемелік көмек көрсету жоспарын әзірлеу керек. Педагогтердің кәсіби өсуіне жағдай жасауға тырысамыз.

Қаулы етті: Каюпова А.Е., Макарова С.С., Досаналина К.Е., Юсупова А.А. өтініш беретін біліктілік санаттарына байланысты бақылау парағын негізге ала отырып, құжаттарын әзірлесін.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен танысу, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Менгеруші – Нугманова З.Б. Балалардың жаз мезгіліндегі денсаулығын нығайту, белсенді демалысын ұйымдастыру және жазғы кезеңде оқу-тәрбие процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында дайындалған жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспарымен танысып отырмын, барлық жоспар стандартқа сай құрылған. Іс-шаралар күнтізбесі бекітілсін. Балалар үшін тиімді, мазмұнды, қауіпсіз демалыс ұйымдастырылсын деді.

Қаулы етті: Жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспарын орындау кезінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне аса назар аударылсын, барлық қызметкерлерге қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқаулық өткізілсін.

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Педагог-психолог – Сартаева А.А. Жазғы мезгілдегі психологиялық қызметтің жоспары құрылды. Бекітуіңізді сұраймын. Жоспар қызықты ойындар мен тренингтермен қамтылғын.

СӨЙЛЕДІ: Музыка жетекшісі – Қонысбаева К.А. Музыка жетекшісінің жазғы жоспары жасалды. Бекітуіңізді сұраймын.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

Мерзімі: тұрақты

Жауаптылар: менгеруші, әдіскер.

2. Алдағы оқу жылының мақсат -міндеттері айқындалып, алдағы оқу жылы орындалсын.

Жауаптылар: әдіскер, барлық педагогтар.

3. Каюпова А.Е., Макарова С.С., Досаналина К.Е., Юсупова А.А. өтініш беретін біліктілік санаттарына байланысты бақылау парағын негізге ала отырып, құжаттарын әзірлесін.

Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.

4. Жазғы сауықтыру іс-шаралар жоспарын орындау кезінде балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне аса назар аударылсын, барлық қызметкерлерге қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқаулық өткізілсін.

Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.

Педкеңес төрайымы:

 Нугманова З.Б.

Педкеңес хатшысы:

 Сартаева А.А.